



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

11.09.2023 ж.

№ 27, 4-т.

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы.**

Павлодар облыстық ұйымының төрағасы Г.Ә. Наурызбаеваның «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ қоғамдық бақылау тиімділігін арттыру және қызметкерлерді құқықтық қорғау жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып Кәсіподақтың Атқару комитеті:

Білім басқармасы мен «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Өңірлік Келісімнің ережелеріне сәйкес еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылау Павлодар облыстық ұйымының ішкі құрылымына кіретін 10 аудандық, 3 қалалық филиалдарда, 44 бастауыш кәсіподақ ұйымдарында жүргізіледі.

Іссапарға жіберілетін қызметкерлер үшін жалақыны, кепілдіктерді және өтемақы төлемдерін уақтылы төлеудің сақталуына мониторинг жүргізу; жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері, сондай-ақ басқа да маңызды мәселелерді шешу алдымен бастауыш кәсіподақ ұйымдары деңгейінде, содан кейін филиалдар мен қоғамдық бірлестік деңгейінде жүзеге асырылады.

2022 жылы облыс бойынша еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау шеңберінде 206 тексеру жүргізілді, оның барысында еңбек заңнамасының 213 бұзушылығы анықталды. Оның ішінде:

- 93 - еңбекақы төлеу бөлігінде;
- 51 - еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша;
- 27 - жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимі бойынша;
- 42 - өзге де бұзушылықтар.

Салалық келісім мен ұжымдық шарттарда еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі шаралар кешені айқындалған. Жұмысты еңбекті қорғау жөніндегі 580 техникалық инспектор және өндірістік кеңестердің 2724 мүшесі тиімді жүзеге асырады.

Техникалық инспекторлар оқу орындарында ұйымдастырылған комиссиялармен бірлесіп 2022 жылы 188 тексеру жүргізді. Тексеру барысында:

- қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша;
- ЕҚЖЕҚ бойынша нормалардың, ережелердің, нұсқаулықтардың талаптарын сақтау бойынша;
- қызметкерлерді оқыту және нұсқау беру бойынша;
- ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету бойынша бұзушылықтар анықталды.

Бұл бұзушылықтардың барлығы бір жыл ішінде жойылды.  
6 жазатайым оқиға тіркелді.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облыстық ұйымының төрағасы Г.Ә. Наурызбаеваның ақпаратын назарға алынсын (қосымша беріледі).

2. Жүргізілетін тексерулердің сапасы мен тиімділігіне ерекше назар аудара отырып, құқық қорғау қызметін ұйымдастыру, облыстың білім беру ұйымдарында жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру жөнінде Облыстық ұйымның кәсіподақ органдары қосымша шаралар қабылдасын.

Төраға



А. Мұқашева